ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 1 наурыз № 7527-24-00-2/1276 Алматы қаласы

Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Т.Өтепов сот ғимаратында талап арыз бойынша азаматтық істі оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қараған

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Орталық кеден зертханасы» Республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«armaw» (Нұржан А.Н.) жеке кәсіпкері

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІМІ:
ҚР АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Орталық кеден зертханасы» Республикалық мемлекеттік мекемесінің талап арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «armaw» (Нұржан А.Н.) жеке кәсіпкері 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 177 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «armaw» (Нұржан А.Н.) жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған

Құжатқа қол қойылған: Утепов К. Т., 04.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 15.04.2024, судья Утепов К. Т., 24.04.2024

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін

Судья **К.Т.Өтепов**

Құжатқа қол қойылған: Утепов К. Т., 04.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.04.2024, судья Утепов К. Т., 24.04.2024